

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті  
Клиникаға кіріспе кафедрасы

# СӨЖ

Тақырыбы: “Жанұямен қарым – қатынаста жеткен жетістіктерді және қиыншылықтарды талдау” .

Орындаған: Маханова А.Т.

124 гр ЖМФ

Тексерген: Дәулетова С.Т.

Қарағанды, 2010

# Жоспар:

## I. Кіріспе

Отбасы туралы жалпы түсінік.

## II. Негізгі бөлім

1 Отбасының маңызды сипаты.

2.Отбасы құрылымы.

3.Отбасы құрылымының бұзылуы .

4.Ауру – кризиске алып келетін негізгі фактор.

5. Жанұямен қарым-қатынасты орнатуда мейірбикенің 4 міндеті бар.

## III.Қорытынды

## IV.Қолданылған әдебиеттер

# Отбасы туралы жалпы түсінік.

ОТБАСЫ - БІРЛЕСІП КҮН КӨРЕТІН ТУЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТА ТҰРАТЫН АДАМДАР ТОБЫ.

ОТБАСЫ ДЕГЕНІМІЗ – БҰЛ НЕКЕДЕН, ТУЫСТЫҚТАН, БАЛА АСЫРАП АЛУДАН НЕМЕСЕ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ АЛУДЫҢ ӨЗГЕ ДЕ НЫСАНДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ НЫҒАЙТУ МЕН ДАМЫТУҒА СЕПТІГІН ТИГІЗЕТІН, МҮЛІКТІК ЖӘНЕ МҮІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕМЕС ЖЕКЕБАСТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫМЕН БАЙЛАНЫСҚАН АДАМДАР ТОБЫ.

ОТБАСЫ – АДАМ БАЛАСЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ. ӨЙТКЕНІ АДАМ ЕҢ АЛҒАШ ШЫР ЕТІП ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН СӘТІНЕН БАСТАП, ОСЫНДА ЕР ЖЕТІП, ОТБАСЫНЫҢ ТӘРБИЕСІН АЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ДА ОТБАСЫ – АДАМЗАТТЫҢ АСА ҚАЖЕТТІ, ӘРІ ҚАСИЕТТІ АЛТЫН МЕКТЕБІ.

# Отбасының маңызды сипаты - оның қызметі

## Шаруашылық-тұрмыстық қызметі

отбасы мүшелерінің материалды қажеттіліктерінің (азық-түлік, қан және т. б.), олардың денсаулығының сақталуына әсер етуінің қанағаттанарлығынан тұрады.

## Эмоциональдық қызметі

оның мүшелерін ұнатушылық, сыйлаушылық, мойындаушылық, эмоционалды қолдаушылық, психологиялық қорғаушылық қажеттіліктерімен қанағаттандыру.

## Отбасының қызметі

## Тәрбиелік қызметі

ана және әке болуда, балалармен қатым-қатынаста, оларды тәрбиелеуде, балалардың өз бетімен өсуі кезіндегі жеке қажеттіліктің қанағаттанарлығынан тұрады.

## Қарым-қатынас қызметі

бос уақытты бірлесе өткізу, екі жақты рухани байыту қажеттіліктерімен қанағаттандыру.

# Отбасы құрылымы

ОТБАСЫ ҚҰРЫЛЫМЫ ОТБАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН САНЫНАН, СОНЫМЕН ҚАТАР ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫНАН ТҰРАДЫ. ОТБАСЫ ҚҰРЫЛЫМЫН ТАЛДАУ ОТБАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖҮЗЕГЕ АСУЫ ЖӨНІНДЕГІ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРУГЕ МҮМКІНДІК ТУҒЫЗАДЫ: ОТБАСЫНДА КІМ БАСШЫЛЫҚ ЕТЕДІ ЖӘНЕ КІМ – ОРЫНДАУШЫ, ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ҚАЛАЙ БӨЛІНГЕН ДЕГЕН СИЯҚТЫ.

# Отбасы құрылымының бұзылуы

ОТБАСЫ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ – БҰЛ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОТБАСЫМЕН ОРЫНДАЛУЫНА ҚИЫНДЫҚ ТУДЫРАТЫН ЖӘНЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. МЫСАЛЫ, ЕРІ МЕН ЗАЙЫБЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ МІНДЕТТЕРІНІҢ ТЕҢ БӨЛІНБЕУІ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БҰЗЫЛУ НЕГІЗІНДЕ ІЛГЕРІ БАСАДЫ, ЯҒНИ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТКЕРЛІКТІ АЛҒАН СОЛ ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІК ҚАТАРЫНЫҢ ҚАНАҒАТТАНУЫНА КЕДЕРГІ ЖАСАЙДЫ: ЖЕКЕ КҮШТІ БҰРЫНҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ, РУХАНИ ҚАЖЕТТІЛІКПЕН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ. ОСЫ СЕБЕПТЕН, ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ ОНЫҢ ТҮРЛІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОТБАСЫМЕН ОРЫНДАЛУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ОТБАСЫЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЕКЕНІН МОЙЫНДАУ КЕРЕК.

# Ауру – кризиске алып келетін негізгі фактор.

ОТБАСЫНДАҒЫ БІР АДАМНЫҢ ҚАТТЫ АУЫРЫП ҚАЛУЫ ОЛ ТЕК НАУҚАСТЫ ҒАНА ЕМЕС СОНЫМЕН ҚАТАР ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫН ДА ҮЛКЕН УАЙЫМҒА АЛЫП КЕЛЕДІ. АУРУ ОТБАСЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР СҮРУ ТӘРТІБІН ӨЗГЕРТЕДІ. НАУҚАСТЫҢ ҚАТАҢ ТӘРТІП САҚТАУЫН ҚАДАҒАЛАУ, БОЛАШАҚҚА ҚҰРҒАН ЖОСПАРЛАРДЫ ӨЗГЕРТЕДІ, ҚОРҚЫНЫШ СЕЗІМДЕРІ ПАЙДА БОЛАДЫ, КӨМЕКСІЗДІК, АЛДАҒЫ КҮНДЕРІНДЕ НЕ КҮТЕРІН БІЛМЕЙТІН ОЙЛАР НАУҚАСТЫ ЖӘНЕ БҮКІЛ ОТБАСЫН МАЗАЛАЙДЫ.

КІШКЕНЕ НӨРЕСТЕНІҢ АУЫРҒАНЫ ӨСІРЕСЕ АНАСЫНА СТРЕСС АЛЫП КЕЛЕДІ. ОНЫҢ ЖҮЙКЕСІ ЖҰҚАРУЫНАН ДЕПРЕССИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ДА ӨТУІ МҮМКІН.

## Жанұямен қарым-қатынасты орнатуда мейірбикенің 4 міндеті бар:

- ❖ Денсаулық сақтау
- ❖ Ауруды тоқтату
- ❖ Денсаулықты қалпына келтіру
- ❖ Қайғыруды жеңілдету







# Жанұямен жағымды қарым-қатынас орнатудың тәсілдері:

- Адамдармен қарым-қатынас жасауға шынайы қызығушылығыңызды білдіріңіз.
- Күлімдеңіз!
- Есіңізде болсын! Адам үшін оның есімінің тәтті және маңызды айтылуы зор рөл атқарады.
- Жақсы тыңдаушы бола біліңіз.
- Басқа адамдардың сіз үшін маңыздылығын шынайы сендіріңіз.
- Адамдарды кінәлаудың орнына түсінуге тырысыңыз.





Ұқыпты, жинақы, жылы жүзді мейірбике науқастың сенімін күшейтеді. Венгер дәрігері Хард әйгілі “Дәрігер, мейірбике, ауру” еңбегінде мейірбикелердің жұмысқа деген көзқарастарын, мінез-құлықтарына байланысты бөлді:

- Ис-жүзіндегі түрі
- Артистік түрі
- Нервозды түрі
- Ер адамның түрі
- Мейірбике түрі
- Мамандар



# Жанұядағы психологиялық климат

- Әр жанұяның өз салт-дәстүрі болады. Соған орай отбасында психологиялық климат орнайды. Психологиялық климат жанұя ішіндегі қатынастарды, балалар мен ата-ананың дамуын реттейді. Психологиялық климаттың қолайлы немесе қолайсыз болуын отбасы мүшелерінің өздері қарым-қатынас арқылы шешеді.
- Қолайлы психологиялық климат келесі нышандардан тұрады: бірлік, отбасы мүшелерінің әрқайсысының қарқынды дамуы, қызықтырушы әңгімелердің айтылуы, бос уақыттың қызықты өтуі, ата-ана мен баланың жұмысты бірге орындауы.

- Мейірбике науқаспен ғана емес, оның туған-туысқандарымен қарым-қатынасқа кіреді. Мейірбикенің науқастың туыстарымен әңгімесі өз міндеттік бабы шеңберінен шықпау керек. Орта буын медицина қызметкерлері науқастың туған-туысқандарымен қатынасы кезінде айқындалған әдептіл ікті талап етеді. Емделушінің туысқандары бірнеше сағат бойы медицина қызметкерлерімен әңгіме жүргізу үшін күтпеу керек. Туысқандардың пікірдері науқасқа әсер етеді, жағымсыз қатынас пен сенімсіздік тудыртады және психикалық жүйесі мен соматикалық қалпына жағымсыз әсер етуін медқызметкерлер есепке алуы қажет. Медқызметкерлер науқастың жазылмас дерт-ауруын немесе нашарлық жағдайын жасырмай, түсінікті түрде оның туысқандарына хабарлауы керек. Бірақ олардың арасында ауру адам болуы мүмкін, сондықтан олармен әңгімелескенде үлкен сақтық пен әдептілікті білдіру қажет. Науқастың (әйел адамға қатысты болса), жақын туған-туысқандарына, әсіресе қызметтестеріне кейбір операцияларды жүргізу туралы хабарлауы керек. Келісушілермен сойлесер алдында, дәрігермен ақылдасып алу керек, ал кейбір жағдайларда науқастың өзінен нені хабарлауын, не хабарламауын сұрау керек. Әсіресе, телефон арқылы хабарды сақтықпен беру керек. Байсалды, әсіресе қайғылы хабарларды мүлдем айтпай-ақ, ауруханаға келуін және дәрігермен дербес сөйлесуі жөн болады. Телефон арқылы сөйлескенде, медбике өзінің аты-жөнін, мамандығын, бөлімін айтуы керек. Кейде науқастың туысқандары бөлімде жоқ емдік препараттарын алу үшін өз көмектерін көрсетеді. Мұндай ұсыныстарды сыпайы, бірақ анық түрде қайыру керек.

# Қорытынды

- Дәрігерден гөрі мейірбике мен емделушілердің отбасы арасындағы тікелей қарым-қатынастары көбірек. Науқас мейірбикеден қолдауды және түсінушілікті іздейді. Бүгінгі күнге дейін мейірбикелік іс дәстүрлі техникалық күтім жасаумен дайындалып келеді. Әрине, оны алып тастауға болмайды. Медицина қызметкерлерінің парызы: денсаулық сақтау заңдарына сәйкес кәсіби міндеттерін білікті және жауапты түрде атқару, сонымен қатар медициналық құпияны сақтай отырып, адами қасиеттерін қолдана білу.

# Қорытынды

- Қорытындылай келе, науқасқа дәрі-дәрмектен гөрі дәрігердің сезімталдығы, моральдық қолдауы және жанкүйерлігі қажет. Емделушіге тек қана дәрігер ретінде ғана емес, оған дос бола білу керек. Оның отбасымен тіл табыса білу керек. Әр түрлі психикалық әрекеттерден науқасты емдеу барысында қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан, науқасқа толық сезімталдықпен қарап, оның жағдайын түсінген кезде, онымен сіздің араңызда нағыз қарым-қатынас болуы мүмкін, бұл емдік нәтижеге өте қажет.



# Қолданылған әдебиеттер

- 1.Т.П.Обуховец “Основы сестринского дела” Ростов на Дону 2003г
- 2.С.Қ.Мұратбекова «Мейірбике ісінің негіздері» Астана 2007ж
- 3.Е.Ә.Момынов, Г.Т.Тойшиева, Г.А.Ешова «Мейірбике ісінің негіздері» Шымкент,2006
- 4.Яромич “Основы сестринского дела”
- 5.Интернет желісі [www.google.ru](http://www.google.ru)
- 6.<http://www.scsml.rssi.ru/menurus.html>



Назарларыңызға  
НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ!!!  
РАХМЕТ!!!